

**Қазақстан Республикасы
Парламентінің Мәжілісіндегі
«Қазақстанның Халық
партиясы» және «Nur Otan»
партиялары фракцияларының
депутаттарына**

2021 жылғы 23 қыркүйектегі № ДС-278

Құрметті депутаттар!

Әскери зейнеткерлерді тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселелеріне қатысты сіздердің депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Қызметтен шығарылған әскери қызметшілерді кезеңдер бойынша бөлуді және әр санатқа қатысты тұрғын үймен қамтамасыз етудің әртүрлі шарттарын қолдануды көздейтін нормаларды қолданыстағы заңнамадан алып тастауға қатысты

Депутаттық сауалға бұрын жіберілген жауапта (2021 ж. 16.07. шығ. № 23-09/3867 дз) бүгінгі күні әскери қызметтен 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін еңбек сіңірген жылдары 10 жыл және одан көп, бірақ 20 жылдан аз әскери қызметтен босатылған адамдардың жекелеген бөлігі заңнаманы өзгертуді және оларға тұрғын үй үшін ақшалай өтемақы төлеуді талап ететіні атап өтілді.

Заңнама өзгерген және төлем туралы шешім қабылданған жағдайда ол ақшалай өтемақы немесе біржолғы тұрғын үй төлемдері арқылы бұрын болған нормативтік құқықтық актілердің теңгерімін бұзады.

Сонымен қатар, қалған құны бойынша жекешелендіру құқығын пайдаланған әскери қызметшілердің құқықтары бұзылады (оларға төленген ақшаны қайтару керектігі және ақшалай өтемақыны төлеу қажеттілігі), сондай-ақ 10 жылдан астам, бірақ 20 жылдан кем еңбек сіңірген, бірақ жұмыстан босатылған кезде қызметтік тұрғын үймен қамтамасыз етілмеген адамдарға ақшалай өтемақы төлеуді не біржолғы тұрғын үй төлемдерін жүргізуді талап етеді.

Аталған санаттағы адамдардың саны анықталмаған, өйткені көптеген әскери қызметшілер «кеңес» уақытында жұмыстан шығарылған, олардың бір бөлігі запастағы әскери қызметшілердің есебінен алынып тасталса көпшілігі басқа мемлекеттерге тұрақты тұруға кетті немесе қайтыс болғандар.

Осылайша, «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңның 55-бабының 6, 6-1 және 7-тармақтарын алып тастау тұрғын үйге өз құқықтарын іске асырған не іске асыруды жоспарлап отырған тұлғаларға қатысты әлеуметтік әділетсіздікке әкеп соғады.

Қорғаныс министрлігінің ақпараты бойынша әскери зейнеткерлерді зейнеткерлікке шығу мерзімі бойынша кемсіту туралы өтініші бойынша Нұр-Сұлтан қаласы Есіл аудандық сотының 2020 жылғы 31 наурыздағы шешімімен сот нормативтік құқықтық актінің даулы тармақтарын Қазақстан Республикасы Конституциясының 14-бабының 2-тармағына қайшы деп танудың құқықтық негіздерін көрмеді («Әскери қызметшілерді қызметтік тұрғынжаймен қамтамасыз ету, тұрғын үй төлемдерінің мөлшерін есептеу, оларды тағайындау, қайта есептеу, жүзеге асыру, тоқтату, тоқтата тұру және қайта бастау қағидаларын бекіту туралы» Үкіметтің 2018 жылғы 12 ақпандағы № 49 қаулысы).

Сот даулы нормативтік құқықтық актілерді қабылдау өтініш берушілердің жағдайын нашарлатуға әкеп соқпады, керісінше – даулы нормативтік құқықтық актілер әскери қызметшілерді тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында қабылданды деген қорытындыға келді.

Тұрғын үйді айырбастау бойынша қолданыстағы заңнамадан нормаларды алып тастауға қатысты («Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 98-бабын, 101-2-бабының 4-тармағын)

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңның 98-бабымен халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарының пайдалануына берілген коммуналдық тұрғын үй қорындағы тұрғын үйлердің құқықтық режимі белгіленген, оны басқа санаттағы азаматтарға қолданылуына байланысты алып тастау орынсыз деп есептеледі.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй қатынастары бойынша арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің және әскери қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасымен (2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 905 Үкімет қаулысымен Парламент Мәжілісіне енгізілді) «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 101-2-бабы

4-тармағының жаңа редакциясында мазмұндау көзделген, оған сәйкес күнтізбелік есептеуде еңбек сіңірген он және одан да көп (қалдық құны бойынша) және жиырма жыл және одан да көп (өтеусіз) әскери қызметшілер тұрып жатқан қызметтік тұрғын үйді жекешелендіру құқығына ие болады.

Жоғарыда аталған түзету әскери қызметшілердің, оның ішінде мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алмасуды жүзеге асыратын, тұрып жатқан қызметтік тұрғын үйін жекешелендіру мәселелерін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Тұрғын үй төлемдерін есептеу кезінде арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызмет өтілін есептеуге қатысты

Қорғаныс министрлігінің ақпараты бойынша әскери қызметшілерге тұрғын үй төлемдерін есептеу кезінде арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызмет өтілін қосуға бағытталған түзетулер «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлері мен әскери қызметшілердің әскери қызмет және тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасын әзірлеу кезінде қарастырылған.

Сонымен қатар, жоғарыда аталған түзетулер шығынды болғандықтан алынып тасталды.

2018 жылғы 1 қаңтарға дейін қаза тапқан әскери қызметшілер отбасыларының әлеуметтік мәселелері және «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңның 101-9-бабының 2-тармағын алып тастауға қатысты

Қызмет өткеру кезінде қаза тапқан (*қайтыс болған*) әскери қызметшілердің отбасы мүшелері тұрып жатқан қызметтік тұрғын үйді жекешелендіру құқығын мұраға қалдыру мәселесі «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңның 13-бабы 8-тармағының 7-1) тармақшасымен реттелген.

Бұл ретте «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңның 101-9-бабының 2-тармағын алып тастау арнаулы мемлекеттік органдар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган қызметкерлерінің және әскери қызмет өткеру кезеңінде қаза тапқан (*қайтыс болған*) әскери қызметшілердің отбасы мүшелерінің құқықтарын бұзады.

Жалпы Үкімет пен уәкілетті органдар әскери қызмет өткеру және әскери қызметшілерді әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы заңнаманы жетілдіру бойынша жүйелі жұмыс жүргізуде.

Әскери қызметшілердің әлеуметтік пакетін жақсартуға, заң актілеріндегі олқылықтарды және коллизияларды жоюға бағытталған Үкіметтің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 905 қаулысымен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әскери қызмет және арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлері мен әскери қызметшілердің тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы Парламент Мәжілісінің қарауына енгізілді.

Парламент Мәжілісінің депутаты А.П. Раудың әскери қызметтен 2018 жылдың 1 қаңтарына дейін босатылған тұлғаларды және олардың отбасы мүшелерін тұрғын үйге мұқтаж деп тануды, көрсетілген санаттағы қызметтік тұрғын үймен қамтамасыз етілуіне немесе қамтамасыз етілмеуіне қарамастан, сондай-ақ жиырма және одан да көп жыл еңбек сіңірген және ашық әскери қалашықтарда тұратын әскери қызметтен 2018 жылы 1 қаңтарға дейін босатылғандарға ақшалай өтемақы төлеуді жүзеге асыруды көздейтін жоғарыда аталған Заң жобасына атап өткен түзетулер бойынша белгіленген тәртіппен Үкіметтің тиісті қорытындысы берілді (2021 ж. 12.05. шығ. № 23-06/1853зп).

Қорғаныс министрімен депутаттарға жүгінген азаматтардың тиісті өтініштеріне жазбаша жауап берілді.

Жалпы, әскери зейнеткерлерді тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесі уәкілетті органдардың тұрақты бақылауында тұр.

А. Смайылов

**Депутатам
фракций партий «Народная
партия Казахстана» и «Nur Otan»
в Мажилесе Парламента
Республики Казахстан**

На № ДС-278 от 23.09.2021г

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев ваш депутатский запрос касательно проблем обеспечения жильем военных пенсионеров, сообщаю следующее.

Касательно исключения из действующего законодательства норм, предусматривающих разделение уволенных военнослужащих по периодам их увольнения и применение в отношении каждой категории разных условий обеспечения жильем

В ранее направленном ответе на депутатский запрос (*исх. № 23-09/3867 дз от 16.07.2021 г.*) отмечалось, что на сегодняшний день отдельная часть лиц, уволенных с воинской службы до 1 января 2018 года с выслугой 10 лет и более, но менее 20 лет, требует изменения законодательства и выплаты им денежной компенсации за жилье.

В случае изменения законодательства и принятия решения о выплате им денежной компенсации либо единовременных жилищных выплат, будет нарушен баланс ранее существовавших нормативных правовых актов.

Кроме того, будут нарушены права военнослужащих, использовавших право на приватизацию по остаточной стоимости (*необходимо возратить им выплаченные деньги и выплатить денежную компенсацию*), а также потребуются произвести выплаты денежной компенсации либо единовременные жилищные выплаты лицам, имеющим аналогичную выслугу более 10, но менее 20 лет, но необеспеченным служебным жилищем на момент увольнения.

Количество указанной категории лиц не установлено, так как многие военнослужащие уволены еще в «советское» время, часть из них исключена из учета военнослужащих запаса, многие выехали на постоянное место жительства в другие государства либо умерли.

Таким образом, исключение пунктов 6, 6-1 и 7 статьи 55 Закона «О воинской службе и статусе военнослужащих» приведет к социальной несправедливости в отношении лиц, реализовавших либо планирующих реализовать свои права на жилище.

По информации Министерства обороны решением Есильского районного суда города Нур-Султана от 31 марта 2020 года по заявлению о дискриминации военных пенсионеров по сроку их выхода на пенсию, суд не усматривал правовых оснований признать противоречащими пункту 2 статьи 14 Конституции Республики Казахстан оспариваемые пункты нормативного правового акта (*постановление Правительства от 12 февраля 2018 года № 49 «Об утверждении Правил обеспечения служебным жилищем военнослужащих, исчисления размера, назначения, перерасчета, осуществления, прекращения, приостановления и возобновления жилищных выплат»*).

Суд пришел к выводу, что принятие оспариваемых нормативных правовых актов не было направлено и не повлекло ухудшения положения заявителей, напротив – оспариваемые нормативные правовые акты приняты с целью обеспечения жилищем военнослужащих.

Касательно исключения из действующего законодательства норм по обмену жилища (статьи 98, пункта 4 статьи 101-2 Закона «О жилищных отношениях»)

Статьей 98 Закона «О жилищных отношениях» установлен правовой режим жилищ из коммунального жилищного фонда, предоставленных в пользование социально уязвимым слоям населения, исключение которой полагается нецелесообразным ввиду ее применения на другую категорию граждан.

Проектом Закона «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам воинской службы и жилищных отношений сотрудников специальных государственных органов и военнослужащих» (*внесен в Мажилис Парламента постановлением Правительства от 29 декабря 2020 года № 905*) предусмотрено изложение в новой редакции пункта 4 статьи 101-2 Закона «О жилищных отношениях», в соответствии с которой право на приватизацию занимаемого служебного жилища будут иметь военнослужащие, имеющие выслугу десять лет и более (*по остаточной стоимости*) и двадцать лет и более (*безвозмездно*) в календарном исчислении.

Вышеназванная поправка позволит совершенствовать вопросы приватизации занимаемого служебного жилища военнослужащими, в том числе осуществляющими обмен жилищ из государственного жилищного фонда.

Касательно исчисления стажа службы в специальных государственных и правоохранительных органах при начислении жилищных выплат

По информации Министерства обороны поправки, направленные на включение стажа службы в специальных государственных и правоохранительных органах при начислении жилищных выплат военнослужащим, предусматривались при разработке проекта Закона «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам воинской службы и жилищных отношений сотрудников специальных государственных органов и военнослужащих».

Вместе с тем, вышеназванные поправки были исключены ввиду их затратности.

Касательно социальных вопросов семей военнослужащих, погибших до 1 января 2018 года и исключения пункта 2 статьи 101-9 Закона «О жилищных отношениях»

Вопрос унаследования права на приватизацию занимаемого служебного жилья членами семей военнослужащих, погибших (*умерших*) при прохождении службы, урегулирован подпунктом 7-1) пункта 8 статьи 13 Закона «О жилищных отношениях».

При этом исключение пункта 2 статьи 101-9 Закона «О жилищных отношениях» нарушит права членов семей сотрудников специальных государственных органов, уполномоченного органа по противодействию коррупции и военнослужащих, погибших (*умерших*) в период прохождения воинской службы.

В целом Правительством и уполномоченными органами проводится системная работа по совершенствованию законодательства в сфере прохождения воинской службы и социального обеспечения военнослужащих.

Постановлением Правительства от 29 декабря 2020 года № 905 на рассмотрение Мажилиса Парламента внесен проект Закона «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам воинской службы и жилищных отношений сотрудников специальных государственных органов и военнослужащих», направленный на улучшение социального пакета военнослужащих, устранения пробелов и коллизий в законодательных актах.

По высказанным депутатом Мажилиса Парламента Рау А.П. к вышеназванному проекту Закона поправкам, предусматривающим признание нуждающимися в жилище лиц, уволенных с воинской службы до 1 января 2018 года и членов их семей, осуществление выплат денежной компенсации указанной категории независимо от обеспеченности или необеспеченности служебным жилищем, а также уволенным с воинской службы до 1 января 2018 года, имеющим выслугу двадцать и более лет, и проживающим в открытых военных городках, в установленном порядке дано соответствующее заключение Правительства (*исх. № 23-06/1853 зп от 12.05.2021г.*).

Министром обороны даны письменные ответы на соответствующие обращения граждан, обратившихся к депутатам.

В целом вопрос обеспечения жильем военных пенсионеров находится на постоянном контроле уполномоченных органов.

А. Смаилов